

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, I бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, I часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, I part. – 2023. – Ч.1. – Б.309-315.

КӘСПОРЫННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ЕСЕПKE АЛУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

ӘОЖ 33.334

*Хавдалхан А., магистрант
Ахметова А.А., э.ғ.к., доцент
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.*

Қазіргі бизнес әлемінде инвестициялық қызмет кәсіпорынның өсуі мен табысында маңызды рөл атқарады. Акцияларға, облигацияларға, жылжымайтын мүлікке және басқа активтерге инвестициялар табыс алу және ұзақ мерзімді құнды бағалау үшін өте маңызды. Осылайша, негізделген шешімдер қабылдау үшін инвестициялық қызметтің нақты және жаңартылған есебін жүргізу өте маңызды. Бұл мақалада біз инвестицияны және кәсіпорындағы инвестициялық қызметті есепке алу әдістерін жақсартудың кейбір жолдарын қарастырамыз.

«Инвестиция» термині (латын тілінің investio- киіндіремін) ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде кең қолданылады. Ғылыми әдебиеттерде инвестицияны анықтауда көптеген пікірлер бар. Пол Самуэльсон: «Таза инвестициялау» немесе капиталды құру деп, біз қоғамның нақты капиталының (ғимараттар, құрал-жабдықтар, материалды-өндірістік қорлар және т.б.) таза өсімін айтамыз [1]. Тұрғын адам «инвестициялау» деп, өзінің жер учаскесін, айналымда жүрген бағалы қағаздарды немесе басқа да меншік объектісін сатып алғанын айтады. Бірақ таза инвестициялау тек қана жаңа нақты капитал құрылған кезде ғана орын алады деп жазған.

Әйгілі «Экономикстің» авторлары инвестиция түсінігін кең түрде түсіндірді. Олардың анықтамалары бойынша инвестиция- «өндіріс шығындары және өндіріс құралдарын жинақтау және материалды қорларды ұлғайту», яғни өндіріс шығындарының және жинақтардың барлық жиынтығы.

Инвестиция көзі болып, жинақ қаражаттары табылатыны белгілі. Бірақ жинақтар бір шаруашылық агентпен іске асырылады, ол инвестициялауды тіпті басқа адамдар тобы немесе шаруашылық субъектілері іске асыруы мүмкін. Сондықтан ғалымдар тобы түсінікті анықтау кезінде инвестицияның мәніне ғана емес, оның мақсатты бағытталуына да көңіл аударады. В.Бочаров

инвестицияны тұтынуға қолданылмайтын табыстың бір бөлігі деп түсіндіреді [2]. Инвестициялық қорлар инвестициялық іс-әрекеттің белгілі объектілеріне жұмсалады. Мұнда капиталдық құнның өсімі табыс түрінде немесе әлеуметтік эффект түрінде болады.

В. Фельзенбаум, инвестиция түсінігін мағынасы бойынша “күрделі салымдар” және «қаржылық» (портфельді) инвестициялар түсініктеріне, яғни меншіктен табыс алуға құқық беретін акцияларға, облигацияларға және басқа да бағалы қағаздарға салынған салымдарға жақын келетін нақты инвестицияларды қамтиды деп атап өткен [3].

Инвестицияға анықтама бергенде, инвестицияның тек қана мазмұндылық сипаттамасына ғана емес, сонымен қатар олардың мақсатты бағытталуына да аса назар аудару қажет. Осы көзқарастан қарайтын болсақ, инвестиция жалпы ұлттық өнімді өндіруге жұмсалынатын табыстардың маңызды бөлігін құрайды, яғни капитал құрумен, физикалық капиталды кеңейтумен байланысты өндірісті кеңейтуге және жаңартуға кеткен шығындар болып саналады.

Іс-тәжірибеде әр түрлі зерттеушілер инвестиция түсінігіне әр түрлі мағына береді. Жалпы тұрмыстық сана-сезім деңгейінде инвестицияны жер сатып алуға, қозғалмайтын мүлік, акциялар сатып алуға, құрылысқа, техникаға, пайдалы қазбалары бар кен орындарына және т.б. қаржылық салымдарды салу деп түсіндіреді.

Инвестицияларды нақты (капитал құрушы) – жаңа кәсіпорын құруға, іс-әрекеттегі кәсіпорынды қайта құруға немесе техникалық жарақтандыруға бағытталған салымдар және қаржылық (портфельді) – мемлекеттің, әртүрлі кәсіпорындардың, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары мен акцияларын сатып алуға жұмсалған салымдар деп бөлуге болады. Бірінші жағдайда қаржы салымдарын жасайтын салымдар деп бөлуге болады. Бірінші жағдайда қаржы салымдарын жасайтын кәсіпорын-инвестор, өзінің өндірістік өзінің өндірістік капиталын – негізгі өндірістік қорларды және олардың жұмыс істеуіне қажетті айналымы бағалы қағаздардан табыс-дивидендтер алу арқылы ұлғайтады. Мұнда өндірісті құруға ақша қаражаттары салымдарын, инвестициялық жобаларды іске асыруға қаржы құралдарын тарту үшін акцияларды шығарған басқа кәсіпорындар мен ұйымдар жасайды.

Сонымен қатар, тікелей және жанама инвестициялар болады. “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңында тікелей инвестициялар – бұл Қазақстан Республикасының кепілдіктеріне байланысты және Қазақстан Республикасына берілетін ресми техникалық көмек немесе гранттар шеңберіне кіретін инвестицияларды қоспағанда, инвестициялардың барлық түрі. Ал жанама инвестициялар – бұл бағалы қағаздар немесе мүліктік құнды заттар жиынтығына жасалған салымдар, деп көрсетілген. Инвестициялардың барлық түрлерінің кәсіпорынның тіршілікке қабілеттілігін сақтауда және оның дамуында маңызы зор.

Қазақстан халқына ел Президентінің жолдаған “Қазақстан-2030” Жолдауында республика экономикасына инвестицияларды тарту маңызды стратегиялық мәселе ретінде қарастырылған [4].

Нақты активтерге инвестициялауды дайындау және талдау, инвестициялардың түрлеріне, яғни олар арқылы кәсіпорын алдында, тұрған қандай мәселелерді шешу қажет екендігіне байланысты. Осы позициядан инвестициялардың барлық мүмкін түрлерін келесі негізгі топтарға топтастыруға болады:

1) Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар. Олардың мақсаты ең алдымен құрал-жабдықтарды ауыстыру, персоналды оқыту немесе өндірістік қуатты, өндіріс жағдайлары тиімді аймақтарға ауыстыру арқылы фирманың шығындарын төмендету болып табылады;

2) Өндірісті кеңейтуге бағытталған инвестициялар. Мұндай инвестициялардың мақсаты – іс-әрекеттегі өндірістер шеңберінде ертеректе құрылған нарықтар үшін тауар өндіру мүмкіндіктерін кеңейту;

3) Жаңа өндірістерді құруға бағытталған инвестициялар. Мұндай инвестициялар кәсіпорында бұрындары өндірілмеген тауарларды шығаратын немесе жаңа қызмет түрін көрсететін мүлде жаңа кәсіпорындарды құруды қамтамасыз етеді немесе кәсіпорында өндірісте жүрген тауарлармен жаңа нарықтарға шығуға әрекет жасауға мүмкіндік береді.

4) Мемлекеттік басқару органдарының талаптарын қанағаттандыру мақсатына бағытталған инвестициялар. Инвестициялардың бұл түрлері экологиялық стандарттар, өнімнің қауіпсіздігі және іс-әрекет шарттары жөнінен үкіметтің талаптарын орындау қажеттігі кәсіпорын алдында тұрған жағдайда қолданылады [5].

Инвестициялардың осылай топтастырылу себебі, олармен байланысты тәуекелділіктің деңгейінің әртүрлілігі болып табылады. Инвестиция түрі мен тәуекелділік деңгейінің арасындағы тәуелділікті келесі сурет түрінде көрсетуге болады.

Инвестиция түрі мен тәуекелділік деңгейінің арасындағы мұндай тәуекелділік логикасы айқын: ол инвестициялау аяқталғаннан кейін фирма жұмысының нәтижелерінің өзгеруіне нарықтың мүмкін реакциясын дұрыс болжай алмау қаупі деңгейімен анықталмайды. Мақсаты нарыққа белгісіз өнім шығару болып табылатын жаңа өндірісті ұйымдастыру жоғары дәрежелі белгісіздікпен байланысты, ал нарықпен қабылдалынған тауар өндірісінің тиімділігін жоғарылату (шыныдарды төмендету), инвестициялау нәтижесінің минималды қауіп әкелетіндігі түсінікті. Осы сияқты, мемлекеттік басқару мекемелерінің талаптарын қанағаттандыру мақсатымен жасалған инвестициялар да тәуекелділіктің төмен деңгейімен байланысты.

Толық ғылыми-техникалық өндірістік циклді инвестициялауға болады немесе оның элементтерін (сатыларын) — ғылыми зерттеулер, жобалық – конструкторлық жұмыстар, іс-әрекеттегі өндірісті кеңейту немесе қайта құру, жаңа өндірісті ұйымдастыру немесе жаңа өнімді шығару және т.б. іс-әрекеттерді инвестициялауға болады.

Өндірістік-экономикалық потенциалды сақтау және дамыту – кәсіпорынның өндірістік – шаруашылық іс-әрекеттің маңызды бөлігі болып табылады. Осы бағыттағы кәсіпорынның іс-әрекеті инвестициялық іс-әрекет деп аталады. “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, инвестициялық іс-әрекет деп, инвестициялауды іске асыру үрдісімен байланысты кәсіпкерлік іс-әрекетті айтамыз [6].

Инвесторлар (инвестициялық іс-әрекетті іске асырушы немесе заңды тұлғалар), тапсырыс берушілер, жұмысты орындаушылар, инвестициялық іс-әрекет объектілерін пайдаланушылар, жабдықтаушылар, инвестициялық қорлар) және инвестициялық процестің басқа да қатысушылары – инвестициялық іс-әрекет субъектілері болып табылады. Тапсырыс берушілер ретінде инвесторлар немесе инвестициялық жобаны іске асыру жөнінде инвестордан алған жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Инвестициялық іс-әрекеттің субъектілері ретінде жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде, шетелдік тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

Инвестициялық іс-әрекеттің объектілерін пайдаланушылар ретінде инвесторлар және басқа да жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік және жергілікті мекемелер, шет мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы орта құрылымына мыналар кіреді:

- күрделі құрылысы ортасы, мұнда салалардың негізгі және айнымалы өндірістік қорларға инвестиция салу жүргізіледі;
- инновациялық орта, мұнда ғылыми-техникалық өнім және интеллектуалды потенциал іске асырылады;
- қаржылық капитал айналымы ортасы (әртүрлі түрдегі ақшалай, қаржылық және қарыздық міндеттемелер).

Нақты инвестицияларды қаржыландыру көздерін жалпы барлық экономика деңгейінде (макродеңгей) және шаруашылық (микродеңгей) қарастыру қажет. Макродеңгейде мұндай қаржыландыру көзі ретінде жалпы жинақтар, яғни тұрғындардың жеке жинақтары, бизнес жинақтары және мемлекеттік бюджеттің сальдосы қарастырылады.

Әртүрлі есепке алу әдістерінің жалпы инвестицияны бағалауға әсері қолданылатын нақты әдіске байланысты өзгеруі мүмкін. Кейбір тіркеу әдістері артық бағалауға әкелуі мүмкін, ал басқалары жалпы инвестицияның төмен бағалануына әкелуі мүмкін.

Мысалы, егер кәсіпорын кассалық есеп әдісін пайдаланса, ол ақша қаражатын алған немесе төлеген кезде ғана инвестицияларды есепке алады. Бұл әдіс инвестицияның жалпы көлемін төмен бағалауға әкелуі мүмкін, себебі ол салынған, бірақ әлі төленбеген инвестицияларды немесе кепілге қойылған, бірақ әлі алынбаған инвестицияларды есепке алмайды.

Екінші жағынан, есептеу әдісін қолданатын кәсіпорын ақшалай қаражаттың төленгеніне немесе алынғанына қарамастан, олар жұмсалған кезде инвестицияларды есепке алады. Бұл әдіс инвестицияның жалпы көлемін

асыра бағалауға әкелуі мүмкін, себебі ол жұмсалған, бірақ әлі төленбеген немесе алынбаған инвестицияларды қамтиды.

Инвестициялардың жалпы көлемін бағалауға әсер ететін тағы бір фактор – есепке алу жиілігі. Кәсіпорын инвестицияларды жылдың соңында ғана есепке алатын болса, ол жыл бойына салынған инвестицияларды өткізіп жіберуі мүмкін және жалпы инвестицияның жете бағаланбауына әкелуі мүмкін. Керісінше, егер кәсіпорын инвестицияларды күнделікті немесе апта сайын есепке алатын болса, ол кейінірек жойылған немесе өзгертілген инвестицияларды есепке алу немесе жазбалардың қайталануы салдарынан жалпы инвестицияны асыра бағалауы мүмкін.

Жалпы алғанда, жазу әдісін таңдау және жазу жиілігі жалпы инвестицияны бағалауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондықтан кәсіпорынның инвестициялық қызметін нақты көрсететін есепке алу әдісін таңдау және жалпы инвестицияларды бағалау мүмкіндігінше дәл болуы үшін инвестицияларды жүйелі түрде есепке алу өте маңызды.

Инвестицияларды есепке алу әдістерін төмендегідей топтастыруға болады:

- Орталықтандырылған есеп жүйесін енгізу.

- Инвестициялық қызметті есепке алу әдістерін жетілдірудің бірінші қадамы орталықтандырылған есеп жүйесін енгізу болып табылады. Бұл жүйе жасалған инвестицияларды, күтілетін кірістерді және алынған нақты табысты қоса алғанда, барлық инвестициялық әрекеттерді бір жерде бақылай алуы керек. Орталықтандырылған жүйе деректердің дәйекті және дәл болуын қамтамасыз етуге көмектеседі және қателер мен сәйкессіздіктер қаупін азайтады. Ол сондай-ақ шешім қабылдау мақсатында пайдалануға болатын есептерді жасауға көмектеседі.

- Технологияны қолдану [7].

Технология бизнестің жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертті, сонымен қатар инвестициялық әрекеттерді тіркеу әдістерін жетілдіре алады. Бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, инвестицияларды басқару бағдарламалық құралы және деректерді талдау құралдары сияқты бағдарламалық құралдар инвестициялық әрекеттерді тіркеу процесін автоматтандыруға көмектеседі. Бұл бағдарламалар қателерді азайтуға және тиімділікті арттыруға көмектесіп, қызметкерлерге басқа маңызды тапсырмаларға назар аударуға мүмкіндік береді [8].

- Нақты процедуралар мен нұсқауларды белгілеу. Инвестициялық қызметті есепке алу үшін нақты процедуралар мен нұсқаулар белгіленуі керек. Бұл процеске қатысатын әрбір адамның өз жауапкершіліктерін білуіне және процестің дәйекті түрде орындалуына кепілдік береді. Процедура инвестицияларды, күтілетін кірістерді және алынған нақты кірістерді тіркеу қадамдарын қамтуы керек. Нұсқаулықтар ақпаратты жазуға кім жауапты екенін және оны қашан жаңарту керектігін де көрсетуі керек [9].

- Жаттығуды қамтамасыз ету. Инвестициялық қызметті есепке алуға жауапты қызметкерлерді оқыту керек. Бұл олардың процесті тиімді орындау үшін қажетті дағдылар мен білімге ие болуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Оқыту орталықтандырылған есеп жүйесін пайдалануды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, белгіленген процедуралар мен нұсқауларды орындауды қамтуы керек [10].

- Процессті жаңарту. Соңында, инвестициялық қызметті есепке алу процесі жүйелі түрде қаралып, жаңартылуы керек. Бұл жақсартуды қажет ететін кез келген тиімсіздіктерді немесе аймақтарды анықтауға көмектеседі. Сондай-ақ, процесті бизнес ортасындағы өзгерістерді көрсету үшін жаңарту қажет, мысалы, ережелердегі немесе инвестициялық стратегиялардағы өзгерістер. Процесті жүйелі түрде қарап, жаңартып отыру арқылы кәсіпорын өзінің инвестициялық қызметінің дұрыс жазылуын және негізделген шешімдер қабылдауын қамтамасыз ете алады [11].

Қорытындылай келе, инвестициялық қызметті есепке алу әдістерін жетілдіру кәсіпорынның табысты болуы үшін өте маңызды. Орталықтандырылған есеп жүйесін енгізу, технологияны пайдалану, нақты процедуралар мен нұсқауларды белгілеу, оқытуды қамтамасыз ету және процесті жүйелі түрде қарап шығу және жаңарту арқылы кәсіпорын өзінің инвестициялық қызметінің дұрыс жазылуын қамтамасыз ете алады. Дәл және жаңартылған жазбалар негізделген шешімдер қабылдауға көмектесіп, кәсіпорынның өсуіне және табысқа жетуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. П.Э. Самуэльсон. Экономика. [Текст]: Учебник / П.Э. Самуэльсон, В.Д. Нордхаус. / под ред. А.А. Старостиной, В.А. Кравченко. – 18-е изд. – Москва; Санкт-Петербург; Киев: Вильямс. - 2009. – 1358 с.
2. Бочаров, В.В. Инвестиции [Текст]: Учебник / В.В.Бочаров - СПб. Питер, - 2010. – 384 с.
3. Надирханов, У. С. Развитие понятия «прямые иностранные инвестиции» в законодательстве стран центральной азии [Текст] / Большая Евразия: Развитие, Безопасность, Сотрудничество, no. 5–1, - 2022, С. 911–16.
4. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. [Текст] // Егемен Қазақстан. — 1-наурыз, 2006 жыл.
5. Елович, А. Я. Экономическая оценка эффективности проектов долгосрочных инвестиций в реальные активы[Текст] // Культура народов Причерноморья, № 55, 2004. — С. 20-25.
6. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы. // Әділет, 02.08.1999. [Электронды ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000075> .
7. Kieso, D. E., Weygandt, J. J., & Warfield, T. D. Intermediate Accounting. [Text] / 16th Edition. John Wiley & Sons, - 2016. – 898 с.
8. Financial Accounting Standards Board. Statement of Financial Accounting Concepts // Elements of Financial Statements, No. 6. [Электронды ресурс] https://www.fasb.org/resources/ccurl/483/177/fasb_conceptsfstmt6.pdf

9. Weygandt, J. J., Kimmel, P. D., Kieso, D. E. Accounting Principles, [Текст] 12th Edition. John Wiley & Sons, - 2015. – 690 с.

10. Bostwick, C., Davis, L. Accounting for Investments [Текст] // Journal of Corporate Accounting & Finance, - 30(2), - 2019, - С. 88-97.

11. Financial Accounting Standards Board. Accounting Standards Codification 820 // Fair Value Measurement. [Электронды ресурс] <https://asc.fasb.org/imageRoot/47/90704647.pdf>